



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 21 (820) 23 мамыр 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi

<https://vk.com/Magzhanzhuldizi>

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ЕГІС - 2024

МЕМЛЕКЕТ КІМДЕРГЕ АЗАМАТТЫҚ БЕРУДЕН БАС ТАРТАДЫ

Қазақстан ПМ ресми өкілі Шыңғыс Алексеев елімізде қандай жағдайда азаматтық берілмеуі мүмкін екенін айтты. Бұл түзетулерге Мемлекет басшысы қол қойды.



Мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың қоши-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы туралы болып отыр, онда «Азаматтық туралы» ҚР Заңына азаматтыққа қабылдаудан бас тарту негіздері енгізіліп, нақтыланады. Құжатқа 2024 жылғы 16 мамырда Мемлекет басшысы қол қойды.

Мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде білмеу, сондай-ақ еліміздің тарихы мен Конституциясының негіздері азаматтыққа қабылдаудан бас тартуға негіз бола алады. Бастауыш деңгейді ғылым және жоғары білім министрлігі айқындайтын болады. Түзетулердің мақсаты қоғамға тез бейімделу және интеграция. Тілді білу, ең алдымен, біздің азаматтығымызды алғысы келетін азаматтардың өздеріне қоғамға тезірек қосылу және мемлекет өміріне қатысу үшін қажет, - деп түсіндірі брифингте Шыңғыс Алексеев.

Оның айтуынша, көптеген елдерде азаматтық алу үшін мемлекет тарихы мен мемлекеттік тілді білу емтиханын тапсыру

қажет. Мысалы, Германияда азаматтық алуға үміткерлерге неміс тілін білуге, неміс мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға жоғары талаптар қойылады. Канадада бұл елдің азаматының тарихы мен міндеттерін білу, сондай-ақ провинцияға байланысты ағылшын немесе француз тілдерін білу тегін растау қажет. Ал Түркияда жалпы негізде азаматтық алған кезде түрік тілін білу міндетті болып табылады.

Қос азаматтықты болдырмау үшін ҚР азаматтығын жоғалтуды тіркеу үшін жаңа негіз енгізілуде. Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін басқа мемлекеттің паспорттарын пайдаланған жағдайда біздің еліміздің азаматтығынан шығарылады. Бұған дейін шет мемлекеттің азаматтығын алғаны үшін ғана ҚР азаматтығын жоғалту көзделген болатын, - деп толықтырды Шыңғыс Алексеев.

Заңға енгізіледі:
- бұрын балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыс жасаған иммигранттарға тұрақты тұруға және біздің азаматтығымызға қабылдауға рұқсат беруден бас тарту;
- егер шетелдіктердің экстремистік немесе террористік әрекеттерге қатысу бар екендігі туралы мәліметтер болса, кіруге тыйым салынады;
- ұйымдасқан топтардың қосбасшылары болып табылатын, ауыр қылмыстар үшін сотталған шетелдіктердің кіруіне тыйым салатын негіздер күшейтілді.

КӨКТЕМГІ НАУҚАН ҚЫЗҒАН ШАҚ



Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері көктемгі дала жұмыстарын кіріскені бір аптандай уақыт болды. Қазір алқаптарда егін егу жұмысы қызған шақ.

Ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, 22 мамырда аудан бойынша 435,6 мың гектар аумақта ылғал жабылып, ол жоспар бойынша 100% орындалды. Егін егу алдында 114,3 мың га алан өңделіп, соның ішінде 14,6 мың га алқапқа химиялық өңдеу дер кезінде жасалды. Сондай-ақ 71,4 мың га аумаққа 6800 тонна минералды тыңайтқыштар себілді.

Аудан бойынша жалпы егіс аланы - 443,7 мың га құрайды. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың ауданы - 325,8 мың га құрайды, оның ішінде қарақұмық 2,5 мың га, майлы дақылдар 68,1 мың га, жемшөп 47,8 мың га, картоп пен көкөністер тиісінше 1,5 мың га және 0,5 мың га.

Ағымдағы күні жаздық егіс 113,2 мың га құрады, оның ішінде дәнді дақылдар 89,1 мың га. Атап айтқанда, 74,9 мың га - бидай, 4,8 мың га - арпа, 1,4 мың га - сұлы, 4,7 мың га - бұршақ, 3,3 мың га - жасымық.

Қазіргі таңда дикандар 19,1 мың га майлы дақылдар екті: соның ішінде 1,4 мың га - қына, 1,8 мың га - рапс, 15,9 мың га - зығыр. Сондай-ақ 3,7 мың га - бір жылдық шөптер, 0,1 мың га көпжылдық шөптер, сүрлемге 0,7 мың га жүгері егілді. Ал картоп - 0,3 мың га, көкөніс - 0,2 мың га отырғызылды.

Ауданның барлық дикандарының көктемгі дала жұмыстарын сәтті аяқтау үшін 222 егу агрегаты жұмылдырылған, соның ішінде 65 заманауи егіс кешені іске қосылған.

«ХАЛЫҚ ЗАҢҒЕРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ХАБАРЛАМА

Заңгерлер, адвокаттар, сот өкілдері, медиаторлар сіздердің барлық сұрақтарыңызға жауап береді, білікті ұсыныстар береді және сіздерге көмектеседі. Біз құқықтық көмекке мұқтаж азаматтардың барлығын күтеміз!

Акция келесі мекен жайда өтеді: Булаев қаласы, Целинная көшесі, 8 үй, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты. Акция 2024 жылы 30 мамырда сағат 17.00-де басталады.

ҚАҰЫРЫМДЫЛЫҚ САЛАСЫНДА ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСЫ

Құрметті атақ қайырымдылық саласын дамытуға елеулі үлес қосқан қайырымдылық жасаушыларды, қайырымдылық ұйымдарын және қайырымдылық волонтерлерін қолдауға бағытталған.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі - МАМ) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беруге өтінімдер қабылдау басталғанын жариялайды.

Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 1 мамырдан басталып 2024 жылғы 1 шілдеге дейін жалғасады (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029542>).

Конкурсқа қатысу үшін (қайырымдылық саласында құрметті атақ беру қағидаларына 1-Қосымша) мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға (МАМ) құжаттарды хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы, МАМ кеңсесі арқылы қолма-қол қағаз және электрондық жеткізіштерде (DOC, DOCX, PDF форматындағы



CD дискілерде не USB-флэш-жинақтағыштарда) немесе zvanie_2023@mbx.kz (PDF форматында) электрондық мекенжайына жолдай алады.

Жеңімпаздар Парламент депутаттары, азаматтық және квазимемлекеттік сектор, мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссияның шешімімен айқындалады.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 19 мамырда Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі өкімінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 44-бабы 2 тармағына, 113-10 бабына сәйкес Успенка ауылдық округінің өкімін сайлау қорытындысы туралы уәкелелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 443 азамат енгізілді, оның 296 дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны - 13. «Барлығына қарсы» деген белгімен - 31. Есептен шығару күәліктері бойынша ешкім дауыс берген жоқ, дауыс беруге арналған

үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылар - 22.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Бейсебаева С.С. - 157; Жансүгірова Г.С. - 36; Түтүнова А.К. - 59.

Успенка ауылдық округінің өкімі болып Бейсебаева Сарагүл Сәрсенқұлқызы сайланды, 1979 жылы туған, «Солтүстік Қазақстан облысы өкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Еңбекші қазақ ортау мектебі» КММ-сі, директордың міндетін атқарушысы, математика пәнінің мұғалімі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Сулышөк ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша ұсынған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

«ӨРТ-2024» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТКІЗІЛДІ



Осы орайда аудан көлемінде далалық жерде өрт пайда болған кезде мекеме, ұйымдардың және ерікті өрт сөндіру жасақтарының дайындығын тексеру мақсатында «Өрт-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру нұсқаулығына сәйкес, тиісті қызметтердің қатысуымен Чистов ауылдық округінің аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу арналған өрт-тактикалық жаттығуы өткізіліп, күштер мен құралдардың өзіндігі тексерілді.

Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Дмитрий Растихин, аудан әкімі Қайрат Омаров, облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бейбіт Исманов, облыс әкімінің әскери қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі Дәулет Толыбай, облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бастығы Нұрлан Нөкішев және оның орынбасары Николай Белоусов, аудандық қызметтердің басшылары мен мамандары қатысты.

Оқу-жаттығудың мақсаты – мекеменің өрт сөндіруші қызметкерлеріне өртті сөндіру әдістерін үйрету және өрт кезіндегі іс-қимылды жақсарту бойынша практикалық жұмыстар жүргізу.

Жалпы оқу-жаттығуға өртүрлі мекемелер мен ұйымдардан барлығы 128 адам, 32 арнайы техника жұмылдырылды.

Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес,



Өрт – адамзаттың тілсіз жауы. Біздің ауа райы орман алқаптарында туындайтын өрттің санын одан сайын арттырады. Апаттың негізгі себебі – сөндірілмей тасталған алаулар, темекі тұқылары және адам арасында табиғат аясында демалу кезінде және басқа да өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау. Әсіресе, дала өрті – табиғатқа және мемлекетке орны толмас шығын әкеледі.

алдымен елді мекен жанында дала өрті орын алады. Оны сөндіру үшін ауылдық округ әкімдігінің ерікті өрт сөндіру жасақтары тартылып, аудан әкімдігі төтенше жағдайлар бойынша аудандық комиссия жұмысын ұйымдастырады. Жоспар бойынша одан әрі өрт сол маңдағы орманға және елді мекенге тарайды. Бұлаев орман шаруашылығының өрт сөндіру техникалары мен соқалары бар трактор-

лар орман алқаптарындағы өртті алдын алғанымен, ол елді мекенге және жақын жердегі лагерьге тарап кетеді. Оны алдын алу үшін өрт сөндіру бөлімінің арнайы техникасы мен қызметкерлері қатысады. Сондай-ақ құтқарушылар елді мекеннен тұрғындарды эвакуациялық пунктке жеткізсе, медициналық бригадалар зардап шеккендерге көмекке келеді. Жергілікті полиция қызметі өртке оранған аумақты

бақылау үшін бекеттер қойып, автокөлік қозғалысын шектейді. Ветеринарлық станса қызметкерлері болса, үй жануарларын қауіпсіз аумаққа тасымалдайды. Қатты желдің салдарынан өрт егістік алқабында орналасқан ауыл шаруашылығы қосынна дейін жетеді. Өрт сөндірушілер жанған техникаларды сөндіріп, көбікті қолданады. Байланыс қызметі зақымданған сымдарды жалғаса, электрліктер бригадалар босаған электр желілерін тартып, бағандарды қалпына келтіреді.

Осылайша, оқу-жаттығу шеңберінде аудандағы төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт кезінде адам шығынын болдырмау мен аудан аумағында туындайтын табиғи өрттерді сөндіру жөніндегі аумақты азаматтық қорғау жүйесінің күштері мен құралдарды басқару органдарының өзара іс-қимылы, өрттер туралы ақпарат алмасу тәртібі, өзара іс-қимыл жасайтын мекемелер мен қызметтер арасында және табиғи өрттерді жоюға қатысатын өртке қарсы құрылымдардың дайындығы тағы да бір пысықталды.

Өрттің алдын алған күштер мен құрылымдардың тактикалық жұмысына облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Дмитрий Растихин оң бағасын беріп, оқу-жаттығу бойынша қорытынды жиында республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуды дайындауға және өткізуге атсалысқан бірқатар азаматқа Алғы хат табыс етті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

САБАЙЛАҒЫЗ АЛАЯҚТАР!

АЛАЯҚТЫҚ ТУРАЛЫ БЕЙНЕФИЛЬМ КӨРСЕТІЛДІ

21 мамыр күні аудандық Мәдениет үйінде полиция бөлімі аудан тұрғындарына алаяқтық туралы бейнефильм көрсетті. Бұл фильмді Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының қолдауымен түсірген екен.

- Алаяқтар ұялы телефонға немесе «WhatsApp» қосымшасына Банктің, Ұлттық Банктің, полицияның немесе басқа да құқық қорғау органдарының қауіпсіздік қызметінің қызметкері Сізге несие рәсімдегісі келеді, шотты ашып алып, абоненттік нөмірді ауыстырады, депозиттегі жинақты алып алады, СИМ-картаның қолданылу мерзімін ұзартады. Осыдан кейін ұялы телефоны қашықтан басқаруға қызмет ететін «кез-келген жұмыс үстелі», «Team Viewer», «Rust Desk (көнгүру)» қосымшаларының сондай-ақ барлық банктік қосымшаларды қашықтан қол жеткізіп, банктік несиелерді рәсімдеу немесе депозиттерден ақша алу сұралады. Бұл жағдайда телефон арқылы сөйлесуді дереу тоқтатып, полицияға немесе банктің жедел желісіне хабарлаңыз, - дейді полицейлер.

Аудандық криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері мажандықтарды абай болуға шақырып, шара кезінде «Instagram» және «OLX»-да тауарларды сатумен танымал схемаларға тоқталды. Сонымен қатар, инвестицияларға байланысты алаяқтық схемалар жиілеп кетті. Алаяқтар «Insatagram», «VK», «Telegram»,

«Facebook», «YouTube», «Тik-Tok» қосымшаларында ақша қаражаттарын салу арқылы түрлі биржаларда, платформаларда немесе криптобиржаларда онлайн табыс табу туралы хабарландырулар қояды. Мұндай жағдайда хабарландыруларға өтім бермеу, тіркелмеу және ақшалай қаражат салмау қажет, қолма-қол ақшаны қайтару мүмкін емес.

Сонымен қатар, жалған дауыс беруі мүмкін алаяқтық WhatsApp қосымшасынан сілтеме бойынша өту арқылы жасалады. Алаяқтар WhatsApp қосымшасына сілтеме жібереді, мысалы, конкурста дауыс беру, осы сілтеме бойынша өткеннен кейін авторизацияны сұрайды, онда абоненттік нөмірді енгізу қажет, содан кейін SMS-код келеді (тіркөуді растау) кодты қолдана отырып, алаяқтар WhatsApp қосымшасына қол жеткізе алады және Сіздің атыңыздан басқа біреудің банктік шоттарына немесе басқа банктік шоттарға аудару арқылы ақша қаражатын қарызға алуды сұрайды. Бұзушылықты болдырмау үшін белгісіз сілтемелер бойынша өтпеңіз, СМС-кодтарды үшінші тұлғаларға бермеңіз. - Осы қылмыстарға қарсы іс-қимыл



үшін аудандық полиция бөлімі тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өңгімелесулер, кездесулер және әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ-та ескертулер жариялап тұрады. Алаяқтық фактілерінің жолын кесу бойынша профилактикалық жұмыс тұрақты негізде жүргізілуіне қарамастан биылғы жылдың басынан бері ауданда

11 алаяқтық факті тіркелді. Осылайша, аудан тұрғындары 30 миллионнан астам сомаға зардап шекті. Осыған орай, барлық азаматтарды қырағы болуын және алаяқтар желісіне түспеуін сұраймыз, - деген құқық қорғау органының қызметкерлері жиналған халыққа жадынамалар таратты.

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ДИН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ - ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚЕПІЛІ

Конституцияның бірінші бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстандағы зайырлылық бiлiктi дiннен бөлудi және олардың қызмет салаларының арақiсiн ажыратуды бекiтудi бiлдiретiн мемлекеттiң конституциялық және құқықтық сипатын бiлдiредi.



Мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың басты сипаттамасы Қазақстанда қандай да бір ресми немесе міндетті діннің болмауы болып табылады. Шын мәнінде, бұл біздің өліміз ар-ождан мен дін бостандығын мойындайды және қамтамасыз етеді дегенді білдіреді, сондықтан азаматтар өз діндерін өз бетінше және мәжбүрлеусіз анықтауға немесе өздерін белгілі бір дінмен мүлдем байланыстырмауға және дини институттарға жүгінебей өмір сүруге құқылы.

Біздің ойымызша, мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын ұйымдастырудың дәл осындай тәсілі елдегі мәдени және дүниетанымдық әртүрлілік пен плюрализмге жағдай жасайтын қазіргі заманғы көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстанның үйлесімді даму мақсатына барынша толық жауап береді. Қазақстан мемлекет ретінде жалпыхалықтық қабылданған Конституция мен елдің заңдары негізінде жұмыс істейді. Тісінше, дини мекемелер мен ережелер, дини бірлестіктердің әктілері біздің құқығымыздың қайнар көзі болып табылмайды және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер етпейді. Қазақстан заңнамасы қандай да бір дини нормалармен байланысты емес және олардың жалпыадамзаттық және гуманистік бағытын ескерсе де, оларға негізделмейді. Біз өзгешелік дини соттардың юрисдикциясын мойындамаймыз.

Бұл тұрғыда зайырлылық-бұл барлық мемлекеттік-конфессиялық қатынастар зайырлы Заңның әрліне негізделетін Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің құрылуы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі. Елдің Конституциясы әр адамға ар-ождан мен дін бостандығына кепілдік береді, сонымен қатар конфессиялық негізде кемсiтудiң кез-келген түрiне тыйым салады. Сонымен қатар, мемлекет дiндi ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі дини бірлестіктер арасында өзара тәзімділік пен құрмет қатынастарын орнатуға ықпал етеді.

2011 жылғы 11 қазандағы «Дини қызмет және дини бірлестіктер туралы» ҚР Заңының кірiспесiнде Қазақстан ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтық мәдениеті мен рухани өмірін дамытудағы тарихи рөлiн мойындайтын. Қазақстан халқының рухани мұрасымен ұшасатын басқа да діндерді құрметтейтiнiн атап өту маңызды. Бұл ереже тек осы конфессиялардың ел үшін мәдени маңыздылығын көрсетеді және дини бірлестіктердің теңдiгiн бұзбайды, өйткені заң оларға ешқандай заңды немесе қаржылық артықшылықтар бермейді. Мемлекет ислам мен православиеге де, басқа конфессияларға да бірдей тәзімді.

Қазақстанда білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі де тек зайырлы сипатқа ие және дини білім беру жүйесiнен қатаң бөлiнгенiн атап өту қажет. Бұл жағдайда зайырлық мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында жастардың дiнге деген көзқарасын қалыптастыруға тыйым салынғанын бiлдiредi.

Мұндай құқық тек республикалық немесе өңірлік мәртебесі бар дини бірлестіктерге ғана беріледі, олар заңнама талаптары шеңберінде дини оқу орындарын аша алады.

Заңнамаға сәйкес Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелері мемлекет үшін бiрiншi кезектегi мәселе болып табылады, сондықтан Қазақстандағы зайырлылық мәселесі де мемлекеттің азаматтарға дини сенiмдерiне қарамастан толыққанды медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету талабымен байланысты. Сонымен қатар, кейбір ата-аналар балаларын өлімге әкелетін вирустардан вакцинациялаудан бас тартуда және дини сенiмдерiне немесе ақпараттың жетiлiксiздiгiне байланысты медицина ғылымының жетiстiктерiн жоққа шығарады. Бұл жағдайда мемлекеттің мiндетi - Қазақстанда вакцинация мәселесi мiштердiң, православиe шiркеуiнiң немесе басқа да конфессиялық бiрлестiктердiң құзыретiнде емес екенiн азаматтардың назарына жеткізу. Бұл бiздiң мемлекетiмiздiң парасаттылығы мен зайырлы сипатына қарай шығуы тиiс әлеуметтік проблема. Ғылым өркениеттi әлемге қол жеткізу, өз азаматтарының денсаулығына қамқорлық жасайтын дамыған мемлекеттердiң iлгiлi болып табылатын жаппай вакцинацияның тиiмдiгiн, қауiпсiздiгi мен заңдылығын бұрыннан дәлелдедi. Дәстүрлi дiндер әзудiң алдын алуға тыйым салмайды және шектемейдi, керiсiнше, өз денсаулығына ұқыпты қарауға шақырады.

Сонымен бiрге, зайырлық принципі мемлекеттің дини доғалардан бөлінуін көздейтiнiне қарамастан, бұл дини бiрлестiктер мен сенушiлердi қоғамдық өмiрден шығаруды бiлдiрмейдi. Зайырлық атеизмге және дiндарлықпен күресуге деген ұмтылысты бiлдiрмейдi. Мемлекет сенушiлердi өзiнiң толыққанды азаматтары, ал дини бiрлестiктер мен сенушiлердi әлеуметтік пайдалы қызметтiң (қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық) маңызды қатысушылары деп санайды және олармен ынтымақтасады. Сонымен қатар, мемлекет дини бiрлестiктердi әлеуметтік мәселелердi шешуге: алкогольизм мен нашақорлыққа, қылмыстың алдын алуға, салауатты өмiр салтын қалыптастыруға, отбасын нығайтуға, жоғары рухани және адамгершiлiк ахуал мен қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық үшін жағдайлар жасауға тартуға ұмтылады. Дини бiрлестiктердi тiкелей қаржыландыруды жүзеге асырмай, мемлекет оларға мәдени және тарихи құндылығы бар ғибадат үйлерi мен құрылыстарын қайта құруға, жөндеуге көмек көрсетедi.

Мемлекет қоғамдағы келiсiмдi, өзара түсiнiстiктi, толеранттылықты және өзара сыйластықты сақтау мәселелерi бойынша елдiң дини бiрлестiктерiмен өзара iс-қимыл жасайды. Дини бiрлестiктер Қазақстан халқының рухани құндылықтарын насихаттауға және дамытуға бағытталған қоғамдық маңызды iс-шараларды өткiзуге тартылады. Жақында халық арасында дини экстремизм көрiнiстерiнiң алдын алу бойынша ақпараттық-түсiндiру жұмыстарында ынтымақтастық жанданды. Бұл ретте мемлекеттік органдар үйлесiмдi, толерантты, прогреске бағдарланған қазақстандық қоғамның құрылысында мемлекеттi қолдайтын барлық конфессиялармен сындарлы қарым-қатынас орнатады.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
дини және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

СТАЛДАУ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІГЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті 2023 жылдың және 2024 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйлық ақы беру практикасына талдау жүргізді.

Талдаумен 362 жергілікті атқарушы орган, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың 113 аумақтық бөлімшелері қамтылды.

Ағымдағы кезеңде талдау жүргізу барысында облыстың жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу және үстеме ақылар белгілеу кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге қатысты 4 бұзушылық анықталды.

Қазіргі уақытта бұл бұзушылықтар толық көлемде жойылды.

Департамент Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайда 8-7152-46-58-89 сөнім телефоны арқылы хабарласа алатыныңызды еске салады.



МАМАН КЕҢЕСІ

Жол төсемінің сапасы стандарттарға сай болуы тиіс. Жолдарды салу және жөндеу кезінде стандарттардың талаптары қандай болуы керек.

ЖОЛДАР СТАНДАРТТАРҒА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Жол төсемінің сапасы маңызды. Автомобиль жолдарының, қалалар мен басқа да елді мекендердің көшелері мен жолдарының пайдалану жағдайына қойылатын талаптар ҚР СТ 1912-2023 «Автомобиль жолдары мен көшелер. Пайдалану жағдайына қойылатын нормалар мен талаптар», онда шұңқырлардың, шұңқырлардың, жүру бөлігіне қойылатын талаптардан басқа ауытқулардың шекті рұқсат етілген өлшемдері айқындалған. Ал елді мекендерден тыс жерлерде жолдар Кедең одағының «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» техникалық регламентінің (КО TR 014/2011) талаптарына сәйкес болуы тиіс.



Асфальтбетон қоспасы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрiнiң 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығымен бекiтiлген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауiпсiздiгi туралы» Қазақстан Республикасы техникалық регламентiнiң 5-қосымшасына сәйкес декларациялау нысанында сәйкестiктi растауға жатады. Алайда, жоғарыда аталған техникалық регламенттер ненi қамтитынын ескерген жөн.

Жүрiс бөлiгiнiң жабынында жол жүрiсi қағидаларында рұқсат етiлген жылдамдықпен келiк құралдарының қозғалысын қиындататын шөгiндiлер, бұрқырлар, өзге де зақымдар болмауы тиiс.

Жол жамылғысының тегiстiгi талаптары сай болуы керек, әсiресе люктерге тоқтаймын келдi.

Қарау құдықтарының люктерi мен жаңбыр қабылдағыштары МЕМСТ 3634-1999 «Қарау құдықтарының люктерi және жаңбыр қабылдағыштардың жаңбыр қабылдағыштары. Техникалық шарттар», оның талаптарына сәйкес люк қақпағының жабын деңгейiне қатысты 2 см-ден артық ауытқуына жол берiлмейдi. Люктер қозғалатын

Жол жамылғысының тегістігі талаптары сай болуы керек, әсіресе люктерге тоқтаймын келді.

Қарау құдықтарының люктері мен жаңбыр қабылдағыштары МЕМСТ 3634-1999 «Қарау құдықтарының люктері және жаңбыр қабылдағыштардың жаңбыр қабылдағыштары. Техникалық шарттар», оның талаптарына сәйкес люк қақпағының жабын деңгейіне қатысты 2 см-ден артық ауытқуына жол берілмейді. Люктер қозғалатын

Жол жамылғысының тегістігі талаптары сай болуы керек, әсіресе люктерге тоқтаймын келді.

Қарау құдықтарының люктері мен жаңбыр қабылдағыштары МЕМСТ 3634-1999 «Қарау құдықтарының люктері және жаңбыр қабылдағыштардың жаңбыр қабылдағыштары. Техникалық шарттар», оның талаптарына сәйкес люк қақпағының жабын деңгейіне қатысты 2 см-ден артық ауытқуына жол берілмейді. Люктер қозғалатын

Құқықтық статистика орғандары көрсететін мемлекеттік қызмет түрлерінің бірі соттылығының бар немесе жоқтығы туралы анықтама беру болып табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Құқықтық статистика орғандары көрсететін мемлекеттік қызмет түрлерінің бірі соттылығының бар немесе жоқтығы туралы анықтама беру болып табылады.



Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы туралы анықтама Қазақстан Республикасының азаматтарына талап қою орны бойынша, сондай-ақ (оқу, жұмыс немесе іссапармен) шетелге шығуға, тұрғылықты орналасуға ықтиярхат алуға, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануға, оны қалпына келтіру немесе одан шығу мүмкіндігін не мүмкін еместігін шешу кезінде визаны ресімдеуге қажет.

Анықтаманы алу үшін: Бірінші қадам: egov.kz порталына немесе eGov mobile мобильді қосымшасына өтіңіз.

Екінші қадам: Электрондық цифрлық қолтаңба немесе телефон нөміріне келетін бір реттік құпия сөз арқылы өз сұрауыңызға қол қойыңыз.

Үшінші қадам: Жеке кабинетіңізде қол жетімді анықтаманы күтіңіз. Мемлекеттік қызметті көрсету уақыты 10 минуттан 5 жұмыс күніне дейін екенін ескертеміз.

Анықтаманы электронды түрде (eGovK2Bot) telegram-боттың көмегімен де алуға болады.

Неғар аударыңыз! Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль

қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады. Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін «Ресми құжаттарды апостиль қою» мемлекеттік баж алынады, оны төлеу «электрондық үкіметтің» телем шлюзі немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, құқықтық статистика орғандары «Адамның сыйбалас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы ақпаратты беру» мемлекеттік қызметін биылғы жылдың ақпан айында жүзеге асырды, адамның сыйбалас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беру қағидаларына түсіндірме түзету енгізілді. Осылайша, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде адамның сыйбалас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы барлық қолда бар мәліметтер көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кезінде соттылықты жою немесе алып тастау ескерілмейді.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің СҚО бойынша департаменті.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Акцияға қала мектептері оқушылары мен кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжінің студенттері қатысып, олар орталық су айдынының аумағын тазалады. Іс-шараның мақсаты - белгіленген аумақта жай қоқыстарды жинау ғана емес, оны жүгіру кезінде іске асыру болып табылады. Алдымен қатысушылар плоггинг-марафон тәртібімен танысып, кейін топтарға бөлінді. Барлығы 5 команда қатысқан шара бары-

17 мамыр күні жастар ресурстық орталығы Булаев қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында плоггинг (жүгіру кезінде қоқыс жинау) ұйымдастырды.

сында жастардың күшімен 362,5 кг қоқыс жиналды. Акция қорытындысы бойынша 1-ші орынды №2 Булаев орта мектебінің «Экологтар» командасы иеленіп, олар 94 кг қоқыс жинады. 2-ші орынды колледж студенттерінен құралған «Гринпис» командасы жеңіп

алды (91,5 кг), ал 3-ші орынды Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының «Чемпион» командасы иеленді. 4-ші және 5-ші орындарға «Жасыл болашақ» және «Барыс» командалары жайғасты. Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев пен жастар ресурстық

орталығының директоры Мария Галайдина барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, грамоталар мен кәдесыйлар табыс етті. Бұл экологиялық қозғалыс салауатты өмір салты мен табиғатқа қамқорлық жасаудың тамаша үйлесімі болып табылады. Акция тұрақты негізде ұйымдастырылып, ауданда одан әрі жалғасатын болады.

Аудандық жастар ресурстық орталығы.



ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

БАРЛЫҚ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҰМЫС КЕСТЕСІНЕ САЙ ӨТКІЗІЛІП ЖАТЫР

17 мамыр күні «Атапата» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Нұржанат Шәрімоєпен және Еркебұлан Елубаєєпен бірге Р-58 «Булаєєво-Возвышенка-Молодогвардейское - Кирово - Қиялы - Роцинское» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 24-62 шақырым (Сұлышоқ ауылы мен Возвышенка ауылының арасы) орташа жөндеу жұмыстарына мониторинг жасады. Сондай-ақ жол жөндеуге қатысты түскен шағым бойынша мердігер ұйым - «Қызылжар Жолдары КЗ» ЖШС бас инженері Жаспан Қасеноєпен және техникалық қадағалау ұйымы - «Нұрлы Сапа КЗ» ЖШС өкілі Сапарбек Құсайыноєпен кездесті.

Қазір шағым бойынша ескертулер толық жойылған. Мердігер Возвышенка ауылынан бастап 10 шақырым жолға асфальт салып үлгерген. Жоба бойынша жол өні 7 метр болса, салынған асфальт қалыңдығы 5 см құрайды. Барлық жөндеу жұмыстары жұмыс кестесіне сай өткізіліп жатыр. Жоба бойынша қажетті мамандар мен арнайы техника тартылып, материалдар уақытында жеткізіліп отыр.



МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Бұл кәсіби мереке елімізде 2013 жылдан бері аталып келеді. Халыққа әуезді әннен шашу шашып, түрлі қойылымдар арқылы ой тастап, ұлттық құндылықтарды дөрілтеп жүрген сахна саңлақтарының еңбегі орасан.

Бүгінгі таңда ауылдық мәдениет үйлері мен демалыс орталықтарының көпшілігі жемісті жұмыс істеп келеді. Мәселен, Возвышен, Ұзынқол, Надежда, Бөйтерек, Сарытомар ауылдық мәдениет үйлерін, Ноғайбай, Қарағанды, Пролетарка, Октябрьское ауылдарының демалыс орталықтарын атап өтуге болады.

Мәдениет қызметкерлерінің төл мерекесіне орай, 22 мамыр күні ауданымздағы мәдениет үйінде «Мәдениет және өнер қызметкерлері» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылып, мереке иелеріне көтеріңкі көңіл күй сыйлап, марапаттар табысты. Айта кету керек, мереке қарсаңында облыс орталығында ұйымдастырылған кешке ауданымыздан аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының директорының м.а. Нұрлыбек Баймұқановқа облыс әкімінің атынан Құрмет грамотасы беріле, колонер шебері, «Мақсат» ұлттық-мәдени орталығының жетекшісі Мейрам Рыспаевқа Мәдениет салалық қосподоғанының «Еңбек даңқы» төсбелгісі табысты.

Айтулы шараны «ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту» бөлімінің басшысы бастап, осы салада жұмыс атқарып келе жатқан өріптерін құттықтады.

Аудандағы кез келген мәдени-бұқаралық іс-шара жанынан үнемі мәдениет саласының қызметкерлері табылатынын көріп жүрміз. Олардың мереке

Мәдениет саласының қызметкерлері - айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, нағыз өз ісінің майталманы ретінде өнерге берілген өнерлі жандар екені бәрімізге белгілі еді.

Ұйымдастыру, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлау, халықты баурап алу қасиеттерін ерекше атап өтуге болады. Сол себепті, біз бүгін мәдениет саласында аянайы еңбек етіп жүрген барша жандарды төл мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, отбасылары амандық, еңбектеріне шабыт пен табыс тілейміз, - деді Сәуле Еркінқызы.

Мереке күні әншілер, бишілер, кітапханашылар, колонершілер мен сала ардагерлері аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Атап айтар болсақ:

Инна Шершнева - Қарақоға ауылының кітапханашысы, Жұлдыз Қаюпова - Құралай ауылының кітапханашысы, Ольга Бледных - Ұзынқол ауылының кітапханашысы, Ольга Жигаева - ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің өдіскері, Руслан Өмірзақов - Мағжан Жұмабаев ауданының көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының сүйемелдеушісі, Сәуле Жақсыбетова - Чистовский ауылының кітапханашысы, Талғат Кинчинбаев - аудандық орталық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі, Марина Марий - аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы, Ирина Глейзис - аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі, Эльмира Төлеуова - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығының бухгалтері, Галия Жөкенова - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының өдіскері, Толқын Сейтгова -

Ноғайбай би ауылдық округі әкімінің аппараты жаңындағы демалыс орталығының меңгерушісі, Овчиникова Любовь Викторовна - Тишенка демалыс орталығының меңгерушісі, Сергей Кузьменко - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының музыкалық жетекшісі, Геннадий Чаплыгин - аудандық "Булаев" халықтық фотокино студиясының жетекшісі.

Әсемгүл Орынбасарова - Возвышенка балалар кітапханасының кітапханашысы, Нина Чикупова - Гавриил ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Лидия Харитоновна - Лебяжье ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Светлана Кокан - Образц ауылдық кітапхананың кітапханашысы, Гүлнар Шайдуллина - Сарытомар ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Галия Жүсіпова - Тишенка ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Айсұлу Расқұлова - орталық аудандық кітапхананың кітапханашысы, Ольга Гуляева - Пулемет ауылдық кітапханасының кітапханашысы, Махаббат Файзулина - ауданы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің өдіскері, Әмина Темірханова - аудандық балалар кітапханасының тазалаушысы, Егор Джемилов - аудандық орталық кітапхананың операторы, Назерке Айбекқызы - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының іс жүргізушісі, Аслан Қабидулов - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы

және демалыс қызметі орталығының жүргізушісі, Алмагүл Жаныбекова - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығының домбыра тәрбиешісі, Нұрлыбек Баймұқанов - аудан әкімдігінің көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының директорының м.а., Серік Жұмағұлов - Мағжан Жұмабаев ауданының тарихи-өлкетану мұражайының директоры, Сандуғаш Бекнишева - орталық кітапхана жүйесі директорының м.а., Марина Лычко - «ALTYN URPAQ» балалар жасөспірімдер шығармашылығы орталығының кескіндеме сыныбының оқытушысы, Айман Хамзина Возвышенка ауылының кітапханасының кітапханашысы, Әлия Жұматаева - Возвышенка ауылының кітапханасының кітапханашысы, Ерлан Киличбаев - аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы, Руслан Өмірзақов Мағжан Жұмабаев ауданының көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және демалыс қызметі орталығының сүйемелдеушісі.

Бұл күні бірқатар өз ісінің майталмандары марапатқа ие болғаны бәрімізді қуантады. Арнайы ұйымдастырылған концерттіз одан әрі жалғасын тауып, ортаға дауысы халықтың жүрегінен орын тапқан әншілер шығып, өндерін халыққа арнады.

Әдептен озбай, көп сөйлеп сөзбай сөздімді қортындылайтын болсам, еліміздің мәдениеті мен өнерінің дамуына, рухани байлығымыздың еселене түсуіне олшесіз үлес қосып жүрген барша мәдениет қызметкерлеріне зор алғыс айта отырып, алдағы уақытта жұмыстарына толағай табыс тілейміз!

Қанат ӨТЕМІРПАТОВ.

СПОРТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік қызметшілер арасында дәстүрлі спартакиада басталды. Жыл сайынғы жарыс спорттық бірнеше түрінен ұйымдастырылып, оған биыл мағжандықтар мемлекеттік қызметшілер де қатысты.



Өткен демалыс күндері өткен тоғызқұмалақ жарысында ауданның құрама командасы Аққайын мен Тайынша аудандарымен толық кезеңде кездесіп, екеуін дежеген соң, финалға шықты. Ақтық сында біздің құрама команда Тимирязев, Ақжар және Есіл аудандарының ұжымдарымен бақ сынасты. Соның нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының құрамасы жүлделі үшінші орынға табан тиреді. Команда құрамында Аққайын ауылдық округінің әкімі Мақсат Есманов, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бухгалтері Елена Стебунова және дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Виталий Заводчиков сынды мемлекеттік қызметшілер өнер көрсетті.

Сонымен бірге, бұл күні үстел теннисінен де жарыс өтіп, мағжандық спортшылар толық кезеңде Жамбыл және Ақжар ауданының командаларын жеңіп, ақтық сығға жолдама алды. Финалда біздің команда Есіл, Мамлют және Аққайын аудандарының қызметкерлерімен кездесіп, жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Команда сапында дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев, Аққайын ауылдық округі әкімдігінің бухгалтері Әйгерім Қантаева сияқты қызметшілер лайықты ойын көрсетіп, аудан намысын абыроймен қорғады.

Сондай-ақ спартакиада аясында шағын футболдан да жарыс өтті. Аталмыш доғаға ауданның аяқдопшылары да қатысып, өкінішке орай, толық кезеңнен аса алмады. Енді мағжандық мемлекеттік қызметшілер осы аптаның соңында өтетін волейбол, қазақ күресі және жүзу бойынша спорт түрлерінен бақ сынайтын болады. Осы жарыстарда ауданымыздың құрама командасына сәттілік пен жеңіс тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

**ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК
ЖАҒДАЙЛАРЫНДА
ҰЗАҚ УАҚЫТ
ЖҰМЫС ІСТЕГЕН
АДАМДАР ҮШІН
АРНАУЛЫ
ӘЛЕУМЕТТІК
ТӨЛЕМ**



2024 жылдың қаңтар – сәуір айлары аралығында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 235 азаматқа зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген адамдар үшін арнаулы әлеуметтік төлем (бұдан әрі – АӘТ) тағайындалды.

Арнаулы әлеуметтік төлемге 2 көзден (республикалық бюджет және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) 65 адам жүнікті.

АӘТ 4 көзден (республикалық бюджет, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, жұмыс беруші және өмірді сақтандыру ұйымы) тағайындауға 170 адам өтініш білдірген.

Арнаулы әлеуметтік төлем тағайындау үшін 55 жасқа толу және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (бұдан әрі – БЖЗҚ) кемінде 7 жыл кәсіпті зейнетақы аударымдарының болуы міндетті шарттар болып табылады. Төлем зейнеткерлік жасқа дейін төленеді.

Арнаулы әлеуметтік төлемдерді алу үшін еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналыспауға тиіс. Жұмыскерлер жеңіл жұмысқа ауыса алады, содан кейін олар жалақы мен төлем алады немесе демалысқа шығып, зейнетке шыққанға дейін арнаулы әлеуметтік төлемдер алады. Әрбір жұмыскер үшін төлем мөлшері БЖЗҚ-дағы жинақтарға байланысты болады.

**АШЖБ АЖ БАЗАСЫН
ЖҮРГІЗУ**

Ауыл шаруашылығында малды тіркеу және есепке алу жүйелері тиімді шаруашылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қазақстанда мұндай жүйе база болып табылады.

АШЖБ АЖ. Тіркеу және есепке алу жүйелері екі негізгі компонентті қамтиды - тіркеу және есепке алу. Тіркеу және нөмірді, туған күнін, жынысын және тұқымын қоса алғанда, әрбір жануар туралы негізгі деректермен ақпараттық базаны қалыптастыруды білдіреді. Қазақстан белгілі бір деректері бар бірегей нөмірлері бар мемлекеттік төгтерді пайдаланады: шыққан елі, өңірі, жануар түрі және реттік нөмірі.

Есепке алу деректерді уақтылы жаңарту, жақсарту, қадағалау және ақпаратты мемлекеттік органдарға беру жөніндегі операцияларды қамтиды. Сондай-ақ, Деректер базасына жүргізілген зерттеулер мен ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар туралы ақпарат тұрақты негізде өңгізіледі.

Қазақстанда ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған "Тортүлік" мобильдік қосымшасы іске қосылды, ол: иесінің жануарлар тізіміне мониторингті жүзеге асыруға, жануарды онлайн режимде сату және сатып алу, жануарларды тіркеу, жеке тұтыну үшін сою себебінен жануарларды есептен шығару, ветеринариялық паспорт беру, жануарлар бойынша және жануар иесінің деректері бойынша мәліметтерді түзету, жануар белгісін жоғалтқан кезде іңірді ауыстыру. Жануарларды АШЖБ АЖ дерекқорында тіркеу жануарлардың санын, олардың аумақтық бірліктердегі қозғалысын бақылауға, ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақтылы жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы тек ауылдарда, аудандарда ғана емес, жалпы елдегі эпизоотологиялық жағдайды бақылауға ықпал етеді.

Евгения БУНКОВСКАЯ, ветеринарлық дерігер.

МӘМС ХАБАРЛАЙДЫ!

**ҚАНТ ДИАБЕТИ КЕЗІНДЕГІ
МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА**

Қант диабеті - қазіргі медицинаның маңызды медициналық және әлеуметтік мәселесі. Статистикаға сәйкес ҚР-да жылына 18 мыңнан 30 мыңға дейін жаңа ауру жағдайларының өсу үрдісімен бірінші және екінші типті қант диабетімен ауыратын 400 мыңнан астам пациент бар.



Қант диабеті - бүлінсуингормонының жетіспеушілігінен дамитын эндокриндік аурулар тобы, нәтижесінде гипергликемия дамиды, яғни қандағы глюкозаның тұрақты өсуі. Ауру метаболизмнің барлық түрлерінің созылмалы ағымымен және бузылуымен сипатталады: көмірсу, май, ақуыз, минералды және су-тұз. Қант диабетінің бірқатар жіктелімдері бар. Қант диабетінің негізгі түрлеріне 1 және 2 типті қант диабеті жатады. 1 типті қант диабеті - бұл ұйқы безі инсулинге тәуелді түрі деп аталатын ағзаның қанты сіңіруіне жауап беретін инсулин шығара алмайтын ауру. Әдетте, 30 жасқа толмаған адамдарда диагноз қойылады. Мұндай нәуқастар инсулинді жасанды түрде қабылдауға мәжбүр (тұрақты инъекциялар арқылы).

2 типті қант диабеті ересек тұрғындардағы қант диабетінің барлық жағдайларының 85-90% құрайды және 40 жасстан асқан адамдарда жиі кездеседі; әдетте семіздікпен қатар жүреді.

2 типті қант диабетінің 1 типті қант

диабетінен айырмашылығы, ол біртіндеп пайда болып, жағдай күрделене түседі. Сіз ұзақ уақыт бойы ауырып, бұл туралы тіпті сезбей жүресіз.

Қант диабетінің ауырлығы клиникалық, өтемақы жағдайын, жедел және созылмалы асқынудың болуын ескере отырып бағаланады.

Қазіргі уақытта 18 жасқа дейінгі балаларда "1 типті қант диабеті" диагнозымен куәландыру ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 02.09.2021 жылғы №451 бұйрығына сәйкес сырттай-проактивті форматта жүргізіледі. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығымен бекітілген "Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мүгедектік мерзімдерін белгілеу үшін медициналық айғақтар" деген 7-қосымшаға сәйкес, 2 типті орташа ауырлықтағы қант диабетімен ауыратын 18 жасқа дейінгі балалар дене салмағының жоғарылауы аясында мүгедектік 6 ай немесе бір жыл мерзімге белгіленеді; алғаш рет анықталған 1 типті қант диабеті кезінде, инсулин терапиясы аясында немесе сорғыммен инсулин қабылдайтын, оның ішінде микроваскулярлық асқынудың ерте кезеңдері бар (пролиферативті ретинопатия емес, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдығы бузылған полиневропатия), 2 типті қант

диабеті, терапияға тәзімділік және басқа да қант диабетінің қайталама түрлерімен микроваскулярлық асқынудың ерте кезеңдерінің болуы (пролиферативті ретинопатия емес, микроальбуминурия сатысындағы нефропатия, сезімталдығы бузылған полиневропатия) мүгедектік 2 жыл мерзімге белгіленеді. Қайта куәландыру кезінде мүгедектік 5 жыл мерзімге белгіленеді.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығымен бекітілген "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына" 11-қосымшаның 6-тармағына сәйкес "Он сегіз жасстан асқан адамдарға мүгедектік болған аурулар, ақаулар тізбесі", қант диабеті диагнозы бар пациенттерге 1 немесе ағза органдары мен жүйелерінің функциялары едәуір айқын бузылған 2 типті (созылмалы артериялық жеткіліксіздікпен IV кезеңдегі екі жақтағы төменгі аяқ ұштары, пролиферативті ретинопатия, созылмалы бүйрек ауруы 3-5 сатысында) мүгедектік 5 жыл мерзімге белгіленеді.

СҚО бойынша 2023 жылы осы аурумен мүгедектік алғаш рет 48 адамға белгіленді, оның ішінде күндізгі куәландыру кезінде - 23 адамға, сырттай-проактивті куәландыру кезінде - 25 адамға. 2024 жылдың төрт айында - 15 адамға, оның ішінде - 6 балаға белгіленді.

А.Д. СЫЗДЫҚОВА,
№2 МӘС мамандандырылған бөлімі
басшысының м.а.

МАМАН КЕҢЕСІ

**ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫН АЛДЫН АЛУ.
ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

Жіті ішек инфекциясы (ЖИИ) дегеніміз - адамда патогенді бактериялармен, вирустармен шақырылатын инфекциялық аурулардың үлкен тобы. Негізгі ішек инфекциясына стафилококк және т.б. тудыратын дизентерия, сальмонеллез холерасы, энтеревирусты және ротавирусты инфекциясы, тағамдық токсикоинфекция жатады. Барлық аурулар арасында ЖРВИ жиі таралады. Ішек ауруларының 60% балаларда болады.

Ішек инфекциясының болу себептері?

Жіті ішек инфекциясын таратушы ауру адам немесе бактерия тасымалдаушы болып келеді, сонымен бірге үй жануарлары, жәндіктер (шыбын-шіркейлер). Ішек инфекциясын тудырушылар кір қолдарда, жуылмаған жеміс-жидекте, қайнатылмаған суда болады. Микробтардың көбеюіне қолайлы орта сүт өнімдері, піскен ет, паштеттер және т.б. болып келеді.

Ауру қалай анықталады?

Ішек инфекциясын тудырушылар:
1. Асқазан-ішек жолдарын жаулайды (іш ауру, іш өту, жүрек айну)
2. Интоксикация (дене қызымының көтерілуі, бас ауру, әлсіздік)
Аурудың белсенділігі адамның иммунитетіне және патогенді бактериялардың түсі көлеміне байланысты. Ауыр жағдайларда ағзаның су-сзыдануы болады (терінің, шырышты қабаттың кебуі, ауыз кебу).

Алдын алудың негізгі іс-шаралары қандай?


1. Асқа қолданатын шикі жеміс-жидектерді жақсылап жуу (щеткамен сабынмен жуып, ыстық сумен шаю).
2. Ас дайындау алдында қолды сабынмен жуу, (ет немесе балық тұрағаннан кейін міндетті түрде қолды жуу керек). Сонымен бірге, тамақтан алдында, ойнап келгеннен кейін, жануарлармен ойнап келгеннен кейін міндетті түрде жуу.
3. Өнімдерді терметикалық тазартудан өткізіңіз. Шикі құс еті, сүт өнімдерінде патогендік микроорганизмдер көптеп кездеседі. Пісіру немесе қуыру кезінде қоздырушылар жойылады. Назар аударыңыз! Қатырылған балық, құс еті кулинарлық өзірлеу алдында жақсылап еруі тиіс.
4. Піскен және шикі өнімдерді бөлек ұстауға тырысыңыз, әсіресе, оларды тұрағанда бөлек тақтай қолдануға тырысыңыз.



5. Тез бүлінетін және дайын өнімдерді тоңазытқышта ұстауға тырысыңыз - суық ауа өнімге түскен микробтың көбеюіне жол бермейді.
6. Ас үйді таза ұстаңыз.
7. Ас өнімдерін шыбын-шіркейден сақтаңыз.
Осы қарапайым қағидаларды ұстансаңыз жіті ішек инфекциясынан аулақ болып, өзіңіздің және жақын туыстарыңыздың денсаулығын сақтап қаласыз!

**БРУЦЕЛЛЕЗДЕН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА
БОЛАДЫ?**

Бруцеллез - адамға бруцеллезбен ауыратын ауыл шаруашылығы жануарларынан жұғатын, буындарын, жүйке жүйесінің, жыныс мүшелерінің зақымдануына әкелетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру қоздырғыштары адам ағзасына төлді қабылдау кезінде, ауру малды сою, етті мүшеуле, жүнді қырку кезінде, сондай-ақ ауру малдан терметикалық өңдеусіз қайнатылмаған сүтті, сүт өнімдерін пайдалану кезінде, зақымданған тері арқылы енеді.



Ауру белгілері адамда инфекция жұқтырғаннан кейін 1-2 апта өткені көрінеді: шаршау, төбеттің төмендеуі, бас ауруы, дене температурасының жоғарылауы, түнгі терлеу, ұйқының бузылуы.

Тұтынушылардың назарына бруцеллездің алдын алу шараларын ұсынамыз:

1. Жануарларды жүйсіл түрде тексеру, вакцинациялау жүргізу қажет;
2. Ауру малды анықтаған кезде оны оқшаулау және оған күтім жасау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау қажет;
3. Нашар пісірілген, қуырғалған ет, шикі сүт, дұрыс жасалмаған ірімшіктер мен сүзбе ірімшігін жеуге болмайды;
4. Ет немесе сүт сатып алғанда, сапа мен қауіпсіздікті растайтын құжаттарды талап ету қажет.

Бруцеллездің алдын алуда жеке гигиена ережелерін сақтаудың маңызы зор. Жоғарыда аталған қарапайым ережелерді дұрыс орындаған жағдайда, сіз өзіңізді бруцеллезден ғана емес, сонымен қатар үй жануарларынан берілетін басқа да аурулардан сақтайсыз.

Бруцеллез - мүгедектікке әкелетін ауыр ауру. Сондықтан өркім тек дәрігерге уақтылы барып, оның тағайындауын бұлжытпай орындау керек.

Мүплица ШИБУЧИКОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданының СЭББ бас маманы.



Дүйсенбі, 27 мамыр	Сейсенбі, 28 мамыр	Сәрсенбі, 29 мамыр	Бейсенбі, 30 мамыр	Жұма, 31 мамыр	Сенбі, 1 маусым	Жексенбі, 2 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 Д.Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.50 Д.Ф.
06.30, 04.10 ТІРШІЛІК.	06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00, 03.10 ЗИНЬАР.	06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.00 «ДӘУІР
07.00 TAÑSHOLPAN.	07.00 TAÑSHOLPAN.	07.00 TAÑSHOLPAN.	07.00 TAÑSHOLPAN.	07.00 TAÑSHOLPAN.	07.45 «АЛТЫН КАҚПА».	07.45 «МЕНШІ АТЫМ
10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	08.30 ШАҢЫРАҚ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	08.30 ШАҢЫРАҚ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».	12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮҢҚАР».	12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮҢҚАР».	12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮҢҚАР».	12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮҢҚАР».	12.00, 02.00 ТЕЛЕДӨРГЕР. 13.00 КОНЦЕРТ.	09.20 КӨНІЛ ТӨЛҚИНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».
12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮҢҚАР».	13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АҚОРДА.	13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР	13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ОТАНДАСТАР.	13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АШАРШЫЛЫҚ	13.00 КОНЦЕРТ. 13.55 «МЕНШІ АТЫМ	12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ».
13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АПТА.	15.15 АҚОРДА.	16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР».	16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».	15.15 АШАРШЫЛЫҚ АКИКАТЫ.	14.20 М.Ф.	14.20 М.Ф.
15.15 АПТА.	16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР».	17.00 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ».	20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.	16.05 «ҚАРМЕН ЖУЫЛҒАН ҚАР», Х.Ф.	15.40 М.Ф.	15.40 М.Ф.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».	20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».	20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».	22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».	20.30, 01.10 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».	17.20, 02.50 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	17.05 «ТЕХНОКРАТТАР
23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 22.05 Т/Х «СОҢҒЫ АЯЛДАМА».	17.05 «ТЕХНОКРАТТАР
					23.50 ФУТБОЛ.	20.00, 02.00 АПТА. 20.50, 02.50 АҚОРДА. 21.00 КӨНІЛ ТӨЛҚИНЫ. 22.05 Т/Х «СОҢҒЫ АЯЛДАМА».

Дүйсенбі, 27 мамыр	Сейсенбі, 28 мамыр	Сәрсенбі, 29 мамыр	Бейсенбі, 30 мамыр	Жұма, 31 мамыр	Сенбі, 1 маусым	Жексенбі, 2 маусым
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ПЫЛДАОЩЕЕ МОРЕ», Х.Ф.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-2».	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-2».	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-2».	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-2».	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
07.00 ОЯН.	07.00 ОЯН.	07.00 ОЯН.	07.00 ОЯН.	07.00 ОЯН.	07.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ.	07.30 КОНЦЕРТ.
10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 М.Ф.	10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.	10.00 НЕОСЕТЬ.	10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.	10.00 МӘДЕНИ БАҒДАР. 10.20 Д.Ф.	08.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ.	09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛЬ», Д.Ф.
11.40 М.Ф «МОНСИКИ».	10.25 М.Ф.	10.20 М.Ф.	10.35 М.Ф.	10.35 М.Ф.	08.30 КОНЦЕРТ.	10.00 М.Ф.
12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».	11.45 М.Ф «МОНСИКИ».	12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».	12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».	12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».	10.00 М.Ф.	11.15 М.Ф «УМКА».
14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА».	12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2».	14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА».	14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА».	14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА».	11.30 М.Ф «УМКА».	12.00 «В МЕТРЕ ДРУГ ОТ ДРУГА», Х.Ф.
15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН».	15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН».	15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН».	15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН».	15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН».	12.00 «МЫ КУПИЛИ ЗООПАРК», Х.Ф.	14.00 АЛҒАШҚЫ.
16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА».	16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА».	16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА».	16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА».	16.00 Т/Х «ВКУС СЧАСТЬЯ».	14.00 XXI ҒАСЫР КОШБАСШЫСЫ.	14.45 БЕС ЖҮЛДІЗ.
18.00 НОВОСТИ.	18.00 НОВОСТИ.	18.00 НОВОСТИ.	18.00 НОВОСТИ.	18.00 НОВОСТИ.	15.00 ГАЛА-КОНЦЕРТ.	16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
18.25 ИТОГИ.	18.25 ИТОГИ.	18.25 ИТОГИ.	18.25 ИТОГИ.	18.25 ИТОГИ.	16.45 Т/ «КЕЛІНЖАН».	19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.00 БЕС ЖҮЛДІЗ.	21.00 7 КҮН.
19.25 ТАЛҚЫ.	19.25 ТАЛҚЫ.	19.25 ТАЛҚЫ.	19.25 ТАЛҚЫ.	19.25 ТАЛҚЫ.	21.00 7 КҮН.	21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ.
22.30 ХАБАРЛІКЕ.	22.30 ХАБАРЛІКЕ.	22.30 ХАБАРЛІКЕ.	22.30 ХАБАРЛІКЕ.	22.30 ХАБАРЛІКЕ.	21.40 «В МЕТРЕ ДРУГ ОТ ДРУГА», Х.Ф.	22.10 «НАЧНИ СНАЧАЛА», Х.Ф.
01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	23.40 ӘКЕ БАҚЫТЫ.	00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ.
					00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 27 мамыр	Сейсенбі, 28 мамыр	Сәрсенбі, 29 мамыр	Бейсенбі, 30 мамыр	Жұма, 31 мамыр	Сенбі, 1 маусым	Жексенбі, 2 маусым
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНИЦА».	06.00 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНИЦА».	06.00 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНИЦА».	06.00 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНИЦА».	06.00, 03.35 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНИЦА».	06.00, 03.05 ТАМАША CITY.	06.00, 02.40 ТАМАША CITY.
07.00, 03.50 «П@УТИНА».	07.00, 03.50 «П@УТИНА».	07.00, 03.50 «П@УТИНА».	07.00, 03.50 «П@УТИНА».	07.00, 02.50 «П@УТИНА».	08.40, 02.20 «П@УТИНА».	07.45, 01.55 «П@УТИНА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	09.30 ПРОУЮТ.	08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН!	10.30 «ЦВЕТОТЕРАПИЯ», Х.Ф.	09.00 ПОЕХАЛИ!
10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.	10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.	10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.	10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!	14.20 «ЗАКОН ОБРАТНОГО ВОЛШЕБСТВА», Х.Ф.	10.00 «НЕСЛУЧАЙНЫЕ ВСТРЕЧИ», Х.Ф.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.	11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.	11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.	11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.	10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.	18.30, 01.50 АЙНА.	13.50 «ПЯТЬ ШАГОВ ПО ОБЛАКАМ», Х.Ф.
11.50 «РОКОВОЕ СМС», Х.Ф.	11.55 Т/С «ТАК ДАЛЕКО, ТАК БЛИЗКО».	11.55 Т/С «ТАК ДАЛЕКО, ТАК БЛИЗКО».	11.55 Т/С «ТАК ДАЛЕКО, ТАК БЛИЗКО».	11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.	19.00 «МАЛЬЧИКИ- ДЕВОЧКИ», Х.Ф.	18.00 «БЕССМЕРТНЫЕ», Х.Ф.
14.00, 02.05 НОВОСТИ.	14.00, 02.05 НОВОСТИ.	14.00, 02.05 НОВОСТИ.	14.00, 02.05 НОВОСТИ.	11.55 Т/С «ТАК ДАЛЕКО, ТАК БЛИЗКО».	20.50 «ПОРТРЕТ ЛЮБИМОГО», Х.Ф.	20.00 АНАЛИТИКА.
14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.00, 01.05 НОВОСТИ.	00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	20.45 «ЧУЖОЙ ГРЕХ», Х.Ф.
14.30 QOSLIKE.	14.30 QOSLIKE.	14.30 QOSLIKE.	14.30 QOSLIKE.	14.15, 01.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.		00.10 «ТРИ АККОРДА».
18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.30 QOSLIKE.		
19.00, 02.35 KÖREMİZ.	19.00, 02.35 KÖREMİZ.	19.00, 02.35 KÖREMİZ.	19.00, 02.35 KÖREMİZ.	18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.		
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. НОВОСТИ.	19.00, 01.35 KÖREMİZ.		
20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3».	20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3».	20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3».	20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3».	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.		
00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE.		
01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС.		
				22.00 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3».		

Егер балалар бірдемене түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.
Ыбырай АЛТЫНСАРИН.



САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Процестерді оңтайландыру және ЭЦҚ кілттерін алу, сақтау және пайдалану процедурасын жеңілдету үшін Ұлттық кәуәландырушы орталық екі ЭЦҚ кілтін беру мен пайдаланудың қазіргі процесін бір ғана кілтті пайдалануға көшірі, яғни, жеке және заңды тұлғаларға МемСТ алгоритмі негізінде бір кілт берілетін болады, ол авторизациялау үшін де қол қою үшін де қолданылатын болады.

БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН «БІР» ЭЦҚ

«Мемлекеттік қызметті алудың бір жолы – электрондық цифрлық қолтаңба кілттері. Жаңа цифрлық технологияларды енгізуде қазіргі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және криптографиялық стандарттардың соңғы нұсқаларын пайдалану қажет. Бұл стандарт алдыңғы стандартпен салыстырғанда ЭЦҚ кілтінің ұзақтығын екі есеге ұлғайтты», - деді басқарма төрағасының м.а. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Дмитрий Мун.



құқығы бар қызметкер;
- «Кадр бөлімінің қызметкері»;
eGov Mobile қосымшасында жаңа ЭЦҚ қолдану тәртібі:

1. Қолданбаның жоғарғы сол жақ бұрышындағы «Кіру/Тіркеу» тармағын таңдаңыз.
2. Авторизациядан өту үшін «Менің цифрлық қолтаңбамды пайдалану» түймесін басыңыз.
3. «ГОСТ 2015 ЭЦҚ арқылы кіру» опциясын іске қосыңыз.
4. Электрондық цифрлық қолтаңбаны көрсетіңіз және құпия сөзді енгізіңіз.
5. «Кіру» түймесін басу арқылы логиніңізді растаңыз және құпия кодын орнатыңыз.
6. Қауіпсіздікті арттыру үшін Face ID немесе Touch ID арқылы биометриялық сәйкестендіру опциясын пайдаланыңыз.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
Қоғаммен байланыс басқармасы.

Негізгі өзгерістер мыналарды қамтиды:
- Бір тіркеу күәлігі: авторизация мен қол қою үшін екі тіркеу күәлігінің орнына енді біреу ғана беріледі, бұл цифрлық кілттерді басқару процесін жеңілдетеді.
- Ескі электрондық цифрлық қолтаңбаның жарамдылық мерзімі: ГОСТ 2015 алгоритміне көшкенге дейін бұрын шығарылған барлық ЭЦҚ олардың жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін қолдануға қолданылатын болады.
- Жаңарту оңай: мобильді қосымшада жаңа ГОСТ 2015 стандартын пайдалану үшін eGov Mobile қосымшасын жаңарту жеткілікті.
Сонымен бірге, заңды тұлғалардың пайдалануына арналған келесі талап етілмеген үлгілер де қолжетімді үлгілер тізімінен алынып тасталды:
- «Қаржылық құжаттарға қол қою

СҰРАНЫСҚА ИЕ ЦИФРЛЫҚ КАДАСТРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

«Жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесі арқылы 2,5 млн-нан астам қызмет көрсетілді. Бұл жыл аяғына дейін жылжымайтын мүліктегі белгі және жылжымайтын мүліктегі тіркелген құқықтар туралы ақпараттық белгі табылады.

Естеріңізге сала кетейік, ЖМБМК АЖ 2023 жылдың 1 шілдесінде енгізілген болатын. Бұл жүйеге жер және құқықтық кадастрлардың деректері біріктірілді.
Қазіргі уақытта ақпараттық жүйенің көмегімен жылжымайтын мүлік саласында 8 мемлекеттік қызмет және жер кадастры желісі бойынша 4 қызмет көрсетіледі. Мұнда, мәселен, құқық белгілейтін құжаттар мен техникалық паспорттардың телнұсқаларын алуға, жер учаскесінің кадастрлық паспортына тапсырыс беруіне және алуға, учаскені бағалауға болады.
ЖМБМК маңызды ерекшелігі

құжаттарды оңтайландыру болды. Нәтижесінде, жылжымайтын мүлікте техникалық паспорт және жер учаскесіне акт бір құжатқа - кадастрлық паспортқа біріктірілді.
Айта кетейік, бүгінде «Жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастры» арқылы Солтүстік Қазақстан облысында 7,5 мыңнан астам кадастрлық паспорт берілді.
Жерге байланысты қызметтер бойынша жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алу үшін кезекке тұру қызметі сұранысқа ие.
«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ.

СА НАЗАР САЛЫҒЫЗ!

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

СҚО ПД Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі орта, ортаарнай және жоғары білімі бар 35 жасқа дейінгі үміткерлерді ішкі істер органдарына қызметке шақырады.



М.ЖҰМАБАЕВ
АУДАНЫНЫҢ
ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ

Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:
- жұмыс берушінің есебінен бастапқы оқыту және біліктілігін арттыру;
- қызмет өтілі мен арнайы атағына байланысты лауазымдық жалақы мөлшерінің ұлғаюымен тұрақты және уақтылы жалақы;
- сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық есу;
- тұрғын үй төлемдері;
- ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
- арнаулы атағына байланысты 48 жастан зейнеткерлікке шығу.

Қызметке түру сұрақтары бойынша Бұлаев қаласы, Юбилейная к-сі, 52 үй, «Кадр саясаты тобы» 33 қаб. келуге болады. Анықтама телефондары: 2-00-44, 2-18-08, 8-775-171-76-65.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

С ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

«АБАЙЛАҢЫЗ - БАЛАЛАР!» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Жазғы демалыстың басталуы қарсаңында, жастардың көшеде және теміржол көлігінде қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстардың алдын алу мақсатында Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет атқаратын учаскеде 2024 жылдың мамыр айының 20-30 аралығында «Абайлаңыз, балалар!» республикалық акциясы өтуде.



Петропавл қаласындағы №32 орта мектепте ӘПБ қызметкерлері 7, 8, 9 сынып оқушыларымен «Темір жол – қауіпсіздігі жоғары аумақ» тақырыбына кездесу өткізді.
Көліктегі темір жол ережелеріне, ҚР әкімшілік кодексінің баптарына тоқталып өтті, сонымен бірге 2024 жылдың басынан бері теміржол бойымен жүру ережелерін бұзған 725 азамат жауапқа тартылғандары жайында мәліметпен бөлісті, жалпы СҚО бойынша 2023 жыл ішінде темір жол бойында болған қайғылы оқиғалар жайында жалпы мағлұмат берді.
Акция аясында темір жол бойына жақын маңда орналасқан тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.
Сонымен бірге бұл күні темір жол бойымен өту кезінде өзін қалай ұстау жайында, жазатын оқиғалардың алдын алу мақсатында Бұлаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері мектептерде қауіпсіздік тақырыбына ашық сабақтар

өткізді. Ал ӘПБ қызметкерлері болса жаяу жүргіншілер теміржол бойында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін бұзатын станциялық партерінде редітк шаралар жүргізді.
- Біз ересек азаматтарды теміржолда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз, өйткені олар өз денсаулығы мен өміріне нұқсан келтіріп қана қоймай, балаларға жағымсыз үлгі көрсетеді, біз оған жол бермеуіміз керек,- дейді Бұлаев станциясындағы ЖПБ бастығының м.а; полиция капитаны Р.Аубакиров.
Кәмелетке толмағандардың темір жол бойында жарақат алуы, олардың басты қауіпсіздік ережелерін дұрыс білмеулерінен.
Жолдан өту кезінде қайғылы жағдайдың орын алу себептерінің бірі - қырағылықты төмендететін ұялы телефон да болуы да мүмкін,- деді балаларға полиция капитаны.
Петропавл ст. ЖПБ.

«ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ІС- ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімімен 2024 жылдың 20-ші мамырда бастап 30-ші мамырға дейін аралығында «Құқықтық тәртіп» бойынша профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.
Іс-шараны өткізу барысында аудан бойынша пробация қызметі бөлімінің және Мағжан Жұмабаев ауданы ПБ учаскелік полиция қызметкерлері жұмылдырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты пробация бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріспен қамтып, құқықбұзушылықтарды алдын алу болып келеді.
«Құқықтық тәртіп» ПШ өткізу барысында Мағжан Жұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімінің есебінде 35 сотталған тіркелген.
Сотталғандардың қатарынан жазаны өтеудің шарттарымен тәртібін орындауын жалғартары анықталған күнде, олардың, қоғамнан оқшаулаумен бай-

ланысты емес жазасы бас бостандығын айыру түріндегі жазға ауыстырылу сұрағы сотта қарастырылатыны жайлы олар ескертіледі. Сондай-ақ пробация бөлімінің қызметкерлерімен, сотталғандардың қатарын құқықбұзушылықтарды алдын алу мақсатында халықтың көп шоғырланған жерлері (демхана, мейрамхана, түнгі клубтар және саябақтар) тексеріспен қамтылады.
Жазаны өтеу шарттарымен тәртібін бұзған сотталғанға қарасты, бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығын айыру жазасына ауыстыру сұрағын шешу үшін 1 материал аудандық сотқа жолданды.
Және сот үкімімен тағайындалған міндеттеріне адал ниетпен қарағаны үшін сотталғанға қатысты жазасынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы бойынша материал аудандық сотқа жолданады.
Ғалымжан БАЙБҮСІН,
СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев ауданының ПҚБ инспекторы, әділет аға лейтенанты.

<p>Директор - бас редактор Валд ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспаымның нөмісі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Jylyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Кокшопк к-сі, 5 үй). Тарауы - 680</p>	<p>Газет аудан аясында, аудандық мәслихаттан тыс кездесу бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі рөлін басылым болып табылады</p>
---	---	--	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады